

Сүтеева Х.А. ¹ Ермұқанов Е.Н. ²

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Тарих және құқық институтының
Әлем тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.

² Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Тарих және құқық институтының
Әлем тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕГЕН XVIII-XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙЛІК ТАРИХНАМАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада XVIII-XX ғасыр басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихын зерттеген орыс тарихнамасының теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Қазақстанға қатысты патшалықтың экспансионистік саясатын ақтайтын «өзін-өзі сақтау» ресейлік тұжырымдамасына, «табиғи шекаралар» теориясына, «Ресейдің Шығыстағы өркениеттік миссиясы» концепциясына талдау жасалды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихын зерттеген орыс 1917 революцияға дейінгі тарихнамасы өкілдерінің жұмыстарын талдау негізінде осы проблеманы зерттеу кезінде оған еуроцентризм, этноцентризм, нәсілшілдік тән деген қорытынды жасалады.

Тірек сөздер: 1917 ж. революцияға дейінгі Қазақстан тарихын зерттеген орыс тарихнамасының теориялық-әдіснамалық негіздері, ағартушылық, рационализм, стагнация, Қазақстан тарихының ресейлік тұжырымдамасы, «өзін-өзі сақтау» идеясы, «табиғи шекаралар» теориясы, «Шығыстағы Ресейдің өркениеттік миссиясы» концепциясы, евроцентризм, этноцентризм, нәсілшілдік.

Suteeva H.A. ¹ Ermukanov E.N. ²

¹ Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of World History,
Kazakh National Pedagogical University Abay

² candidate of historical sciences, associate professor of the Department of World History,
Kazakh National Pedagogical University Abay

THEORETICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF THE STUDY OF RUSSIAN PRE-REVOLUTIONARY HISTORIOGRAPHY OF THE XVIII - EARLY XX CENTURY. SOCIO-ECONOMIC AND POLITICAL HISTORY OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article discusses the theoretical and methodological foundations of the study of the Russian pre-revolutionary historiography of the XVIII-early XX century. socio-economic and political history of Kazakhstan. The article analyzes the Russian concept of "self-preservation", the theory of "natural borders", and the "civilizing mission of Russia in the East", which justify the expansionist policy of tsarism towards Kazakhstan. Based on the analysis of the works of representatives of the Russian pre-revolutionary historiography, which studied the socio-economic and political history of Kazakhstan, it is concluded that the study of this problem was characterized by Eurocentrism, ethnocentrism, and racial campaign.

Keywords: theoretical and methodological foundations of Russian pre-revolutionary historiography, Enlightenment, rationalism, stagnation, Russian concept of the history of Kazakhstan, the idea of "self-preservation", the theory of "natural borders", the concept of "civilizing mission of Russia in the East", Eurocentrism, ethnocentrism, racism.

ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ РУССКОЙ ДОРЕВОЛЮЦИОННОЙ ИСТОРИОГРАФИЕЙ XVIII - НАЧАЛА XX В. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ И ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В данной статье рассматриваются теоретико-методологические основы изучения русской дореволюционной историографией XVIII - начала XX в. социально-экономической и политической истории Казахстана. Дан анализ российской концепции «самосохранения», теории «естественных границ», «цивилизаторской миссии России на Востоке», оправдывающих экспансионистскую политику царизма по отношению к Казахстану. На основе анализа работ представителей русской дореволюционной историографии, изучавшей социально-экономическую и политическую историю Казахстана, делается вывод, что при изучении данной проблемы ей был присущ европоцентризм, этноцентризм, расовый поход.

Ключевые слова: теоретико-методологические основы русской дореволюционной историографии, Просвещение, рационализм, стагнация, российская концепция истории Казахстана, идея «самосохранения», теория «естественных границ», концепция «цивилизаторской миссии России на Востоке», европоцентризм, этноцентризм, расизм.

XVIII-XX ғғ. Қазақстан тарихы, оның тағдырына зор әсер еткен оқиғаларға толы болды. 1731-1734 жж. қазақ билеушілерінің бірқатар тобы шарасыздықтан ресми түрде Ресей империясының үстемдігін мойындауға мәжбүр болды, келешекте бұл оқиғаның нәтижесінде қазақтардың мемлекеттігі жойылып, қазақ елі тәуелсіздігінен айрылып, орыс мемлекетінің отарына айналды. Қазақтардың орыс үкіметі тарапынан ұлттық, әлеуметтік-экономикалық және рухани қысым көруі халық наразылығының өсуіне ықпал етті. Сондықтан да қазақ халқы өз тәуелсіздігі мен мемлекеттігін қайта қалпына келтіру үшін күресін тоқтатпады.

Қазақстанның отарлық кезеңіндегі тарихының өзекті мәселелері отандық тарихнамада тек 1991 жылы еліміз тәуелсіздікке қолын жеткізгеннен кейін ғана батыл түрде қойылып, шешіле бастады. Ол түсінікті де, себебі баяғыда метрополия тұрғындары менсінбей «туземдіктер» деп атаған Ресей империясы отарлаған елдердің тарихы, империялық диктат пен тоталитарлық билік, догматикалық марксизм, жеке басқа табыну идеологиясының ықпалымен бұрмаланып отырды. XVIII-XX ғғ. отар болған қазақ елінің тарихы Ресейде, әлемдік тарихтың дамуынан тыс қалған «тарихи» емес халықтар қатарына жатқызылып, тарихтың объекті емес субъекті ретінде ресейлік менталитет тұрғысынан қарастырылды.

XXI ғ. басындағы Қазақстан Республикасының даму үрдісі, қазіргі заманғы отандық тарихнаманың жетістіктерінің деңгейі күн тәртібіне XVIII-XX ғ. басындағы Ресей мемлекетінің шеңберіндегі қазақ халқы тарихының өзекті мәселелерін қайта қарастыруды қажет етіп отыр.

Бұның барлығы қазіргі заманда бізден – қазақстандық тарихшылардан – өткен тарихымызға отарлық психологиядан арылған жаңа көзқараспен қарауды, жаңаша бағалауды, бұрмаланған тарихымызды қайтадан жаңғыртуды талап етеді.

Адамзаттың дамуын қоғамдық-экономикалық формациялар жүйесінің тар шеңберіне салып, тарихи зерттеулерде басшылыққа таптық принципті алған маркстік методологияның жалған қағидаларынан бас тартып, әлемдік тарихнаманың жаңашыл жетістіктеріне сүйене отырып плюралистік тұрғыда зерттеуді талап етіп отырған мәселелердің қатарына - XVIII-XX ғ. басындағы

Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының 1917 жылға дейінгі орыстық тарихнамасы да жатады.

Қазіргі кезең отандық тарихнаманың алдына өте күрделі және жауапты міндет артып отыр. Ол ұзақ жылдар бойы, отарлық мүдделерді көздеуде орыс тарихнамасы бұрмалаған өзіміздің шынайы тарихымызды қайта жазу және осыған байланысты тарихи шындықты жаңғырту. Ал мәселені бұлайша қою – 2 ғасырға жуық уақыт бойы қазақ халқының тарихына қатысты ресей

тарихнамасында қалыптасқан көзқарстар жүйесі мен стереотиптерді, қазақ елін жаулап алу себептерін, отарлауды ақтауға арналған концепциялар мен идеяларды ой елегінен өткізіп жаңа заман талаптарына сай, тәу-елсіз ой деңгейінде қайта қарап, бағалауды қажет етеді және де ол ешқандай кідіруге болмайтын іс.

1730-1917 жж. Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының 1917 жылға дейінгі орыстық тарихнамасын мұқият зерттеу және сол кездегі дворяндық-буржуазиялық тарихи ой өкілдерінің көзқарастарын ғылыми сынау тек бұл мәселенің қазіргі кездегі саяси өзектілігімен байланысты ғана емес. Патшалық Ресейдің жаулаушылық саясатының нәтижесінде тәуелсіздігінен айрылып, отарға айналған қазақ халқының тарихына қатысты ресейлік тарихнама өкілдерінің жалған, ғылыми емес пікірлерін әшкерелеу, олардың біздің еліміздің тарихына қатысты концепцияларының ұлыдержавалық, этноцентристік, русофильдік, отаршылдық, еуроцентристік мәнін ашу, қазақ елінің тарихына қатысты тарихи шындықты негіздеу және отарлық мақсаттарда бұрмаланған шынайы тарихты қайта жазу – тарих ғылымының дамуынан туындаған іс.

Мәселені тарихнамалық тұрғыдан зерттеудің өзектілігі мен маңызы бүгінгі таңдағы жекелеген ресей зерттеушілерінің көзқарастарының қателігін көрсету қажеттілігімен де айқындалып отыр. Себебі қазіргі замандағы Ресей Федерациясының тарихнамасы 1917 жылға дейінгі Қазақстан туралы әдебиетті негізге алуда және қазақ елінің тарихын бұрмалау тәсілдер мен әдістерде орыстық дворяндық-буржуазиялық тарихнамасынан мұраланып отыр.

Отандық тарихшылардың еңбектерінде қазақ елінің тарихына қатысты мәселелеріне шетелдік тарихнаманың көзқарастары сын көзбен қаралып, талдануы елеулі орын алу керек, себебі ол тек танымдық мақсаттармен ғана емес, сонымен қатар қазіргі таңдағы әлемдік дамудың идеологиялық күресінің өзекті мақсаттарымен де айқындалады.

Жалпы қазақ жерлерін зерттеуге деген қызығушылықтың артуы Ресей үкіметінің Шығыстағы сыртқы саясатының практикалық отарлық мақсаттарынан туындаған болатын. XVIII басындағы ішкі экономикалық-саяси мүдделер орыс тарихнамасының нақты Қазақстанды зерттеуге бетін бұрды.

Бұл уақыттағы орыс шығыстануының қалыптасуына, ресей ғылымына енген батысеуропалық рационалистік және ағартушылық идеялардың, елдегі социомәдени және когнитивті факторлардың елеулі ықпалы болды.

XVIII-XX ғ. басындағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеуге арналған 1917 жылға дейінгі орыс ғалымдарының көзқарастарының теориялық-методологиялық негізі болған – XVIII ғ. орыс ғылымына енген рационалистік және ағартушылық идеялары болды.

Еуропалық Ағартудың даму тарихында әдетте бір-біріннен мазмұны бойынша ерекшеленетін бірнеше кезең бар. Бірақ, негізіннен, XVIII ғ. ортасында Францияда қалыптасқан ағартушылық көзқарастар жүйесінің нақты мазмұны сол уақыттағы француз философтары Ф.М.Вольтердің, Ш.Монтескьенің, Д.Дидроның, Ж.Ж.Руссоның және де басқа энциклопедистердің шығармаларында көрінді.

Француз ойшылдары, мазмұны шаруашылық формасының алмасуымен анықталатын адамзат қоғамының тарихын, дәуірлердің өзара алмасатын жүйелі тізбегі ретінде қарастырды және олардың ойынша, ақыл-ойдың дамуындағы прогрессивтік өзгерістер бұл кезеңдердің дамуының негізгі себебі болады. Олардың пікірлеріне сәйкес, ақыл-ой дамуы «тағылық» дәуірлері арқылы, алқашқы қоғамдық «жабайылықтан» азаматтық қоғамға өтуді білдіреді. Бұл сызбадағы «тағылықтың» бастапқы кезеңдерінің біріне көшпелі халықтардың дамуы сәйкес келеді, олардың әлеуметтік-тарихи ролін дәлелдеу үшін Еуропа ғалымдары қолдары жеткен тарихи-этнографиялық материалдарды талдап, қорытып, еңбектерінде пайдаланды.

Еуропалық ағартушыларының кең танымал еңбектерінде алғаш рет рационалистік негізде жағрафиялық ортаның көшпелі қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымына әсер етуі туралы идея тұжырымдалып «малшы тайпалардың» Орталық және Шығыс Еуропа халықтарының тарихи тағдырына ықпал етуі туралы қызықты ойлар айтылды. Еуразияның көшпенді қоғамының көп ғасырлар бойы тоқырау себептерін қарастыруға маңызды әрекеттер жасалды. Бұл ойлардың, идеялардың көпшілігі орыс таным мәдениетіне терең еніп, XVIII ғ. екінші жартысы мен XIX ғ. ортасында қазақ халқы туралы жазылған зерттеулерде методологиялық қызмет атқарды.

XVIII ғ. екінші жартысынан бастап Қазақстан тарихын зерттегенде орыс тарихнамасы Батыс тарих ойында Геродоттан бастап кең таралған отырықшы және көшпенді өмір салттарының қарама-қайшылығы туралы идеяларды басшылыққа алды. Сондықтан олар көшпенді қазақтарды отырықшы өмір салты мен мәдениетінің жауы және «қиратушы күш» ретінде көрсетіп,

көшпенділердің қоғамдық құрылысын адамзаттың дамуының ең төменгі сатысында тұрған анайы элеуметтік организм ретінде сипаттап, бұндай қоғамдық дамудың моделінің келешегі жоқтығын көрсетуге тырысты.

Сонымен қатар олар еуропалық ағартушылық ілімінен, келешекте «ақ нәсілдің Шығыстағы өркениеттік миссиясы» концепциясына айналған, азиялық қоғамлық даму моделінің еуропалық даму үлгісімен салыстырғанда артта қалғандығы, ғасырлар бойы дамымай стагнация жағдайында болғандығы және еуропалық өркениетті елдерінің көмегісіз бұл тоқыраудан арылмайтындығы, ілгері дами алмайтындығы, сондықтан еуропалықтардың Шығыстағы жаулауларының объективтік себептілігі туралы еуропацентристік идеяларды, өздерінің Қазақстан тарихының зерттеуінің методологиялық тірегі ретінде алды.

Еуропа ағартушылары берген әлемнің еуропацентристік концепциясына сүйене отырып орыс зерттеушілері Ресей отарлаушылардың жолында тұрған ұлттық мемлекеттік құрылымдарды «баскесерлер», «тобырлар» деп сипаттады. Қазақ халқын жаулаушылар «жабайы» және «жүгенсіздер» деп елестетті. Еуропацентристік көзқарастың ерекше сипаты – еуропалық құндылықтар жүйесінен басқаның барлығы жалған немесе олар мүлдем жоқ деген жалпы Шығысқа, әрине соның ішінде Қазақстанға көзқарас. Осының негізінде Шығыс халықтарының даму өркениеті төменгі сатыда деген ой жатты. Сондықтан өз еңбектерінде орыс зерттеушілері жалпы еуропалық және орыс өркениетінің маңыздылығын көрсетіп, оны жалпы Шығыс және нақты қазақтардың өркениетінен жоғары қойды.

Еуропалық ағартушылардың көшпенді халықтардың стагнациясы, өркениетті және өркениеттен тыс халықтар және т.б. көптеген реакцияшыл, еуропацентристік идеялары XVIII ғ. аяғындағы орыс тарихнамасына енді.

Батыс әлемінде элеуметтік құбылыстарға нәсілшілдік түсінік беру сол уақытта кең таралған болатын. Бұл теорияға сәйкес адамның анатомиялық құрылысындағы нәсілдік айырмашылықтар тұрақты болып табылады, бұл теорияны жақтаушылар оны адам психикасындағы нәсілдік айырмашылықтардың да тұрақтылығының дәлелі ретінде қарастырды. Бұл нәсілшілдік теорияларды еуропалық ғалымдар элеуметтік ортаны зерттеулерге, атап айтқанда Орталық Азия тарихын зерттеуге пайдаланды. Нәсілшілдік нанымдары – бұл ғылыми ойдың бұрмалануы ғана емес, нәсілдік сезімнің жалған интеллектуалдық рефлексивтік көрінісі, ал бұл сезім XVI ғ. соңғы ширегінде басталған Батыс өркениетінің әлемдік экспансиясының нәтижесі. Бұл теорияны жақтаушылар оны өркениет проблемасымен байланыстырады. Олар, адамзаттың бір бөлігі өркениетті түсінуге қабылетті де, екінші бөлігі қабылетсіз деп есептеді, егер қандай да бір нәсіл өркениет шығармашылығына үлес қоспаған болса, онда оның оған мүлде мүмкіндігі жоқ деп есептеді. Осы реакцияшыл, нәсілшілдік теорияларға негізделіп орыс тарихнамасының өкілдері «жартылай жабайы» қазақтардың өркениетті түсінуге қабылетсіз, өркениет шығармашылығына үлес қоспаған және келешекте үлесін қосуға мүмкіндігі жоқ «өркениеттен тыс» халықтар қатарына жатқызды. Олардың «тарихи емес» ұлт екенін, тарихи дамудың объекті емес субъекті болғанын көрсетті.

XVIII ғ. орыс зерттеушілеріне ағартушылық «жағрафиялық себептілік» теориясының орасан зор ықпалы болды. Бұл теория адамның жүріс-тұрысы мен іс-әрекетінің әр түрлі жақтарын экологиялық себептермен түсіндіруге тырысты.

Қазақ елінің тарихына арналған орыс нарративтік әдебиеті Батыста кең таралған – елдің тарихының, өмір салтының, материалдық және рухани мәдениетінің оны қоршаған ортаға байланысты болады деген - эволюционизм идеяларының теориялық схемалардың шеңберінде дамыды. Орыс авторлары қазақ елінің тарихын зерттегенде жағрафиялық факторлардың қазақ қоғамының дамуына ең маңызды роль атқарды деген қағиданы басшылыққа алды [1].

Бұл Ағарту идеяларымен мұқият таныстық, XVIII ғ. екінші жартысындағы Қазақстанның өлкелік тарихнамасының өкілдері П.И.Рычков, И.Г.Андреевтің және Ресей шығыстануының академиялық бағытының өкілдері - П.С.Паллас, И.П.Фальк, И.Г.Георгийдің еңбектерінен айқын көрінді [2;3;4;5;6;7]. П.С.Паллас, И.П.Фальк, И.Г.Георги қазақтарға «жабайы», «тағы» халыққа сияқты қарады, оларды «тобырлар», «бұзықтар» (П.И.Рычков) деп атады, олардың шығармалары «мәдениетті» шетелдіктердің «жабайы тобырларға, ордалықтарға» деген өзін-өзі жоғары ұстаушылыққа, менсінбеушілікке және қамқорлық, кемсітушілікке толы. И.Г.Георги мен П.И.Рычковтың мінездемесінде қазақтар қарақшылық пен тонаушылыққа жақын тұрған халық. И.Г.Георги «тағы» қазақтардың жаман мінездерінің орыстардың «өркениеттік» ықпалымен түзеле бастағанын басып айтады.

Бұл жоғарыда келтірілген сипаттамалар қазақ халқын зерттеген 1730-1917 жж. орыс тарихнамасының өкілдерінің бәріне тән.

1917 ж. дейінгі Ресейде шығыстану жүйесінің туу, елдегі тарихи үрдістің жалпы даму барысымен айқындалды, оның шеңберінде орыс геосаяси доктринасы қалыптасқан болатын.

Бұл уақытқа дейін Ресей мемлекетінің империялық доктринасының дүниетанымдық негізі толығымен қалыптасқан болатын. Орыс мемлекетінің табысты территориялық экспансиясы геосаяси императивтердің күшеюімен қатар жүрді, ол ұлттық шет аймақтарға қатысты империялық идеологияны «өркениеттік бастамалармен» және «ағартушылық өкілдік» арқылы ақтады. Осының бәрі де XVIII-XX ғ. басындағы Қазақстанды зерттеген орыс ғалымдарының теориялық-методологиялық ұстанымдарында көрініс тапты.

Бұл уақыттағы Ресейдегі қазақ елінің тарихын зерттеушілердің еңбектерінде этноцентризм идеясы кеңінен таралды. Осы кезеңдегі көптеген жарық көрген шығармаларда орыс ұлтының ерекшелігін, оның «мессиялық», «өркениеттік өкілдігі» рөлін насихаттатын көзқарастар көріне бастады. Бұл теориялық ұстанымдар 1917 ж. дейінгі XVIII-XX ғ. басындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеген барлық орыс тарихнамасының өкілдеріне тән, ал бұл көзқарастардың теориялық дәлелденуі орыс әскери тарихшылары М.И.Венюков пен Л.Ф. Костенконың еңбектерінде берілді [8;9].

XVIII екінші жартысы мен XX ғ. басындағы орыс тарихнамасының өкілдерінің барлығы бір ауыздан, оның ішінде әсіресе И.Г.Георги, Л.Ф. Костенко А.А.Тилло өзінің еңбектерінде орыстардың «игі ықпалымен» «жабайы», «тағы» көшпенді қазақтардың «хайуандық» мінездерінің түзеле бастағанын; орыс үкіметінің «жүгенсіз ордаларды» тыныштандырып бұл жерлерде «бейбітшілік» пен «тәртіп» орнатқаннан кейін, бұл өңірде «егіншіліктің дамығаны», жергілікті тұрғындардың нан тағамдарына ұйренгені және сауданың дамуына қолайлы жағдай жасалғаны туралы көп айтты [10].

Орыс дворяндық-буржуазиялық тарихнамасы патшалық Ресейдің билеуші топтарының Орта Азия мен Қазақстанға бағытталған агрессиялық сыртқы саясатын ақтауға байланысты әлеуметтік тапсырысын орындады. Сондықтан олар Орталық Азияға бағыт алған орыс экспансиясына баға беруде бұл әрекеттердің «амалсыздан» болғандығы туралы үкіметтің ресми көзқарасын ұстанды және Ресейдің бұл аудандарға жылжуына төменде көрсетілген себептерді дәлел ретінде келтірді: Ресейдің жауынгер көшпелі тайпалардан «қорғану қажеттілігі» және мазасыз көшпенділерді «тыныштандыруы»; Азия елдерімен болған транзиттік сауданы «қорғау»; бұл аудандарға Англияның енуіне «қарсы әрекет ету»; орыс мемлекетінің «табиғи шекараларына» - Орталық Азияның таулы қыраттары мен жоталарына шығу. XVIII ғ. соңғы ширегінде бұл себептерді жан-жақты дәлелдеу мақсатымен орыс авторлары өз зерттеулерінде Ресейдің «өзін-өзі сақтау» теориясын жасап шығарды. Оның міндеті – мемлекеттің шығыс саясатының ішкі механизмі және Азия елдерін жаулап алуының себептерін түсіндіру болды. Бұл теория бойынша, орыс мемлекетінің тарихи миссиясы «өркениетті әлемге» үнемі динамикалық қозғалыста болатын соғысқұмар көшпелі ордалардың енуіне қарсы тұратын күшті қорған кепілі болуы. Осыған байланысты Ресейдің Азиядағы саясатының Ұлы Петр заманынан бергі негізгі мақсаты – жау көршілерден қорған бола алатын табиғи тосқауылдар – тау, теңіз, өзенге дейін далалы өлкеге ену және онда орыс мемлекетінің оңтүстік-шығыс шектерін қауіпсіздіретін әскери бекіністерін салу делінді. XIX ғ. екінші жартысында «өзін-өзі сақтау» теориясы «табиғи шекаралар» концепциясына өсті. «Табиғи шекаралар» концепциясы Қазақстан мен Орта Азияға қарай алға жылжу арийлік ұлттың таралуымен қалыпқа келу үшін адамзат тарихының дамуының тарихи жолы деп түсіндірілді. Бұл теорияны жақтаушы орыс зерттеушілерінің ойынша, кез келген мемлекет өз шекарасын қорғау керек, сондықтан орыс мемлекеті шектерін қорғау үшін, әскери бекіністерді салу үшін Қазақстанның жерлерін басып алуы керек. «Қозғалмалы» немесе «табиғи шекаралар» концепциясы Ресей мемлекетінің әскери стратегиялық жағдайын табиғи шекаралар, яғни тау, өзен немесе күшті мемлекеттік құрылымдарды тұрақтандыруды көздеді. Бұл концепциялардың барлығында еуропацентристік көзқарастар көрініс тапты.

1917 ж. дейін Қазақстан тарихын қарастырған орыс зерттеушілері Ресей үкіметінің бұл өңірде жүргізген отарлық саясатын ақтау, қорғау үшін царизмнің Шығыстағы «мәдени» және «прогрессивті» ролі туралы идеяларды тарата бастады. Жинақталған түрде бұл идеялар царизмнің Шығыстағы «мәдени миссиясы» теориясына айналды. Бұл ұлыдержавалық көзқарас орыстық дворяндық-буржуазиялық тарихнамасына тұтастай тән.

Бұл теорияның туындау негізі болған – тарихи үрдістің дамуының жалған концепциясы болды. Бұл концепция бойынша, патшалық Ресейдің қоғамдық-экономикалық дамуы Шығыстың,

(оның ішіне Қазақстан да жатады) «жабайы» «көшпенді бұратаналарының» қоғамдық-экономикалық дамуынан анағұрлым жоғары болғандықтан, бұл «бұратаналарды» Ресейдің жаулауы, бұл жаулаудың ұнамсыз жақтарына қарамастан, прогрессивтік фактор.

Бұндай дұрыс емес ұстанымдар қазақ елінің тарихына қатысты жекелеген мәселелер бойынша бұрмаланған тұжырымдар жасауға әкеледі. Тікелей айтқанда, бұл көзқарастар жүйесі жалпы капиталистік елдердің Шығыс елдеріне қатысты отарлық саясатын қорғаштау мен ақтауға және нақты Ресейдің Қазақстандағы «жартылай жабайы халық ортасына» «шынайы христиандықтың», «азаматтықтың», «мәдениет пен өркениеттің» бастауларын әкелу деген лепірмелі сөздермен бұркеленген қарақшылық, тонаушылық, халықты қыру саясатын ақтауға бағытталған. Царизмнің қазақ еліне қатысты бұл отарлық саясатын барлық орыс дворяндық-буржуазиялық тарихнамасының өкілдері – белгілі ориенталист профессор В.В.Григорьевтен бастап, саяхатшы-этнограф П.П.Семенов Тянь-Шаньский, Түркістан жергілікті отарлық әкімшілігінің қайраткері П.П.Румянцев және барлық бөтен де XVIII -XX ғ. басындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеген Қазақстанның орыс тарихнамасының өкілдері ақтады [11;12;13].

Бірақта XVIII ғ. қазақтардың қоғамдық-экономикалық дамуы, орыс зерттеушілері көрсетуге тырысқандай сонда анайы болды ма? Әрине олай болған жоқ. XVIII ғ. Қазақстанда дамыған феодалдық-патриархалдық құрылыс, таптық қоғам, феодалдық вассалитет өмір сүрді. Қазақтардың бұл уақыттағы тарихын тек рулық көсемдердің, ақсақал мен байлардың, хандардың өзара тартысы мен опасыздығы ретінде, қазақ халқын миссионерлер мен отаршылдардан тек қорлық көріп отырған, езілген, меңіреу құрбан ретінде көрсету – ол қазақтардың тарихын жоққа шығарған нигилистік көзқарас еді.

Қазақтардың қоғамдық-экономикалық дамуын, Ресей жаулап алардың алдында орыс зерттеушілерінің дамудың төменгі сатысында тұрды деп бағалауы, Қазақстанның орыстарға «жеңіл әскери табыс» болғанын көрсету үшін қажет болды. Бірақта царизмге Қазақстанды жаулап алу қиынға түсті. Қазақстанды жаулап алу еуропалықтардың Австралия мен Америкадағы «жабайыларды» тікелей қыру мен жерлерінен ысыру сияқты жеңіл өткен жоқ. Патшалық Ресейдің жаулаушылық саясаты қазақ халқының берік қарсылығын кездестірді. Царизмнің жыртқыштық, адамгершілікке жат, бұл жерлерді жаулап алу үшін ешқандай зұлымдықтаран бас тартпаған саясатына, феодалдық-патриархалдық басшыларының сатып кетуіне қарамастан, қазақ халқы бұл жерлерді Ресей үкіметінің жаулап ала бастаудың алғашқы кезеңінен бастап - XX ғ. басына дейін отаршылдыққа қарсы күресін тоқтатпады.

Қазақстан тарихының орыстық концепциясының мазмұны мынада болды: орыс үкіметінің жалпы Шығысқа ілгерілуі мазасыз көшпенді тайпалардан қорғану, «өзін-өзі сақтау», «табиғи шекараларына» жету үшін жүргізілді; қазақ жерлерін орыс үкіметі жаулап алған жоқ, Ресей империясының құрамына олар жаулардан қорғану үшін, қамқорлық іздеп өз еркімен кірді; қазақ елінің 1730 ж. дейінгі дамуын елемей, Қазақстан дамуы тарихының кезеңдеуін оның Ресей шеңберіне кіруіне негіздеу; Ресейдің Шығыстағы жалпы өркениеттік ықпалына байланысты бұл оқиғаның (қазақ жерлерінің орыс өкіметіне бағындырылуы – Х.С.) жергілікті халықтың тағдырына прогрессивтік ықпалын тигізді.

Қазақстанның орыстық тарихнамасының философиялық-тарихи негізі болған – орыс таным мәдениетіне терең еніп, XVIII екінші ширегі мен XX ғ. басына дейін қазақ халқы туралы жазылған зерттеулерде методологиялық қызмет атқарған XVIII ғ. француз ойшылдары ұсынған - мазмұны шаруашылық формасының алмасуымен анықталатын адамзат қоғамының тарихын, дәуірлердің өзара алмасатын жүйелі тізбегі ретінде қарастыру; ақыл-ойдың дамуындағы прогрессивтік өзгерістер кезеңдердің дамуының себебі болады деген ойлар; географиялық ортаның көшпелі қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымына әсер етуі туралы және Еуроазияның көшпенді қоғамының көп ғасырлар бойы стагнацияда болды деген идеялар. Бұл идеялардың жүзеге асырылуы орыс тарих ғылымының Қазақстан тарихын зерттеу бағытында төмендегідей белгілерден байқалды: субъективизм методологиялық принцип ретінде қаралды, қазақ қоғамын зерттеуде еуропацентристік және этноцентристік көзқарастардың басым болуы, Ресейдің Шығыстағы «өркениеттік миссиясын» асыра бағалауы.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның орыстық тарихнамасына еуропацентристік, ұлыдержавалық, шовинистік, нәсілшілдік көзқарастар тән.

1. Ерофеева И.В. Европейское просвещение XVIII в. и становление научной историографии Казахстана (середина XVIII в. – первая половина XIX в.)//Вопросы историографии и источниковедения Казахстана (дореволюционный период). – А., 1988. – С.25-55.
2. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. - Оренбург, 1887.
3. Рычков П.И. История Оренбургская по учреждению Оренбургской губернии (1730-1750). - Оренбург, 1896.
4. Домовая летопись Андреева // Чтения в Императорском обществе истории и древностей российских при Московском университете 1870 . – М., 1871. – Кн.4. – С.80-106.
5. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи // Полное собрание ученых путешествий по России. – СПб., 1824. Т.4.
6. Фальк И.П. Известия академика Фалька о Киргизской и зюнгорской степи // Полное собрание ученых путешествий по России. – СПб., 1824. Т.7. – С.280-360.
7. Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов, также их житейских обрядов, вер, обыкновений жилищ, одежд и прочих достопамятностей. // Полное собрание ученых путешествий по России. – СПб., 1776-1777. - Ч.1.
8. Венюков М.И. Заметки о степных походах в Среднюю Азию //Военный сборник. – 1860. - №12. – С.270-298 сс.
9. Костенко Л.Ф. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. – СПб., 1870.
10. Тилло А.А. О пространстве, народонаселении и населенности Тургайской области // Известия русского географического общества (ИРГО). 1869.Т.5. – С.50-66.
11. Григорьев В.В. Русская политика в отношении к Средней Азии. – СПб, 1877.
12. Семенов Тянь-Шаньский П.П. Мемуары. Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 гг – М.: ОГИЗ, 1964. – Т.2.
13. Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования. – Пбг., 1914. – Т.5. Ч.1.

List of references:

1. Yerofeeva I. V. European passage of XVIII V. and the establishment of scientific history of Kazakhstan (seredina XVIII v. – first half of XIX V.)//issues of history and history of Kazakhstan (dorevolutionary period). - A., 1988. - PP. 25-55.
2. Rychkov P. I. topography of the orenbursky district. - Orenburg, 1887.
3. Rychkov P. I. History of Orenburg on the establishment of the Orenburg governorate (1730-1750). - Orenburg, 1896.
4. the home of Andreev // reading in the history and traditions of the Imperial Society of Russia at the Moscow University in 1870. Moscow, 1871.4. - pp. 80-106.
5. Pallas P. S. journey through different provinces of the Russian Empire // full collection of scientific journeys across Russia. "No," I said., 1824.Vol. 4.
- 6.Falk I. P. Izvestiya Akademika Falka about Kirghiz and zyungorka steppe // full collection of scientific travels in Russia. "No," I said., 1824.VOL. 7. - PP. 280-360.
- 7.George I. G. description of all people living in the Russian state, as well as their living clothes, materials, housing, clothing and other achievements. // Full collection of scientific achievements in Russia. "No," I said. 1776-1777. - Ch. 1.
8. Venyukov M. I. notes on Step-By-Step walks in Middle Asia //military picker. – 1860. - No. 12. - pp. 270-298 SS.
9. Kostenko L. F. Srednyaya Asia and water in Russian citizenship. "No," I said., 1870.
10. Tillo A. A. on the space, population and population of the Turgai region // Izvestia of the Russian Geographical Society (Irgo). 1869.VOL. 5 – - PP. 50-66.
11. Grigoriev V. V. Russian politics in relation to Middle Asia. - St. Petersburg, 1877.
- 12.Memoirs Of Semenov Tien-Shansky P. P. Journey to the Tien Shan in 1856-1857 GG-M.: OGIЗ publ., 1964, Vol. 2.
13. Rumyantsev P. P. material on consideration of native and Russian old-age farming and land use. "No," I said. 1914. VOL. 5. CH. 1.